

ШАРТ МӘНДІ СӨЙЛЕНИМ ЖӘНЕ ШЫНДЫҚТА БЕЙНЕЛЕУДІҢ ПСИХИКАЛЫҚ ЖАҚТАРЫ

Тіл және ойлау диалектикалық бірлікте болады, бір-біріне әсер етеді. Бірақ бұлардың әркайсысы өзіндік дербестігін сактайтын құбылыстар болып саналады. Бұларды бірлікте ұстau тіл мен ойлауды, дәлірек айтқанда, грамматика мен логиканы теңдестіруге әкеп соктырады. Тілдің жасалуына, өмір сүруіне және дамуына ойлаудың әсерін шектен тыс етіп көрсету тіл білімінде логикалық бағыттың пайда болуына себепші болды. Тіл ойлаумен тығыз байланыста, өзара қарым-қатынаста болады дегенде, әдетте, тілдік құбылыстар мен логикалық құбылыстардың, соның ішінде, өсіресе, сөз бер үфымның, сөйлем мен пайымдаудың бір-бірімен байланысы, өзара қатысы ескеріледі. Ойлау мен тілдің байланысы көбінесе үфым мен сөздің, пайымдау мен сөйлемнің байланысы негізінде қарастырылады. Қазак тіл білімінің көрнекті өкілі К. Аханов пайымдау мен сөйлемге тән белгілер мен құрылымдық ерекшеліктер ретінде мыналарды атап көрсетеді: «Ойдау мен сөйлемнің формасы ретінде қаралатын байланысында затқа немесе оның белгісіне қатысты бірдеме макұлданады немесе теріске шығарылады. Осыған орай, макұлдау немесе теріске шығару байымдауға тән белгілердің бірі ретінде қаралады. Бұл – бір. Екіншіден, байымдау ақиқат не жалған байымдау түрінде болуы мүмкін. Бұлар – байымдаудың мазмұнына қатысты белгілер» [1, 216].

Пайымдау мен сөйлемдегі белгілердің бірі – предикативтілік пен баяндауыштық. Олардың өзара айырмашылығын В.З. Панфилов былай ажыратады: «Предикативтілік және баяндауыштық (сказуемость) деген үфымдарды бір-бірінен

ажыратады білудің үлкен мәні бар. Предикативтіліктің баяндауыштықтан айырмасы сол, ол сөйлемнің шындық болмысқа қатысын сипаттайтыды; предикативтілік сөйлемнің бір ғана мүшесінің, мысалы, баяндауыштың емес, бүтіндей сөйлемнің қасиеті болып саналады [2, 169].

Кейбір тілшілер мен логиктердің айтуына қарағанда, тіл тек ойды білдірумен ғана шектелмейді, түрлі сезім мен эмоцияны да жеткізеді. Алайда бұндай психикалық үдерістер де ойдын, үфымның қатысын қажет етеді.

Ой өзіне тән логикалық құрылымы бойынша пайымдаудың жалпыға ортақ формасына, яғни, субъекті мен предикаттың байланысына негізделеді. Сөйлем сол ойдың түрлі мазмұнын білдіреді.

Ойлаудың логикалық құрылымы диалектикалық логикада қарастырылады. Ойлаудың негізгі формалары – үфым, пайымдау, ой қорыту – заттық әлемдегі құбылыстар мен байланыстардың бейнесі. Ойлаудың формалық құрылымы, оның мазмұны тәрізді, тілде көрініс табады. Ойлаудың логикалық құрылымы материалды түрғыда тіл жүйесінде белгілі болады. Адам коршаған табиғи ортаны тіл арқылы емес, ойлау арқылы таниды. Тіл – сол ойлау арқылы танылған танымның материалдық көрінісі. Сөздің жасалуы да ойлаумен байланысты, соған тәуелді процесс.

Абстракті ойлаудың бір ерекшелігі оның тілмен тығыз байланысында. Француз структуралисі Э. Бенвенист «Категории мысли и категории языка» деген мақаласында ойлау операциялары абстракті немесе нақты сипаттың екеуіне де тәуелсіз бола отырып, әрқашан тіл арқылы

тығы”, – деп атайды [5, 15]. Егер синтагматика логикалық ось деп танылар болса, онда сөз тіркесі компоненттерінің семантикалық тіркесімділігі мен синтаксистік тіркесімділігі логикалық бірізділікке бағына орналасқанда ғана толыққанды сөз тіркесі жасалады. Демек, сөз өзінен сан жағынан да, сапа жағынан да жоғары тұратын тіл бірлігі – сөз тіркесін жасауға катысада, қалайда бір логикалық осъке үйіріледі. Содан форма мен мазмұнның үйлесімі туады. Сөз таптарының тіркесімділік қабілеті, валенттілік қасиеті туралы жайлар сөз тіркесі жүйесін анықтаумен тығыз байланысты. Одан әрі қарай сөздердің синтаксистік байланыска түсінде сөз тіркесін және сөйлем жасау қызметтері ерекшеленеді. Синтаксистік мағына тілдік таңбалардың қарапайманнан күрделіге айналу комбинациялары арқылы жасалады.

Сөйлемнің құрамына енген сөздер өзді-өзі екі жақты байланыска түседі. Бұл байланыс әрі грамматикалық, әрі семантикалық жағынан жүзеге асуы тиіс. Сөздер грамматикалық категориялар арқылы байланысып, белгілі бір грамматикалық формада тіркеседі әрі байланыска түсетін сөздердің арасында мағыналық байланыс та болуға тиіс. Сөйлеу кезіндегі сөздердің валенттілігі әрі семантикалық жақтан, әрі синтаксистік жақтан анықталады. Тілдегі етістіктердің валенттілік қасиетінің барынша анық болып келуін М. Оразов былай түсіндіреді: “Себебі етістіктер сөйлемнің баяндауышы қызметін атқарып, сөйлемді құрастыруда негізгі қызмет ойнайды да, айналасына басқа сөздерді жинақтайды, солармен байланысады” [6, 200].

Ал синтаксистік валенттілік мәселесі семантикалық валенттілікке қарағанда біршама өзгеше. Сөздердің тіркесімділік қабілеті семантикаға тәуелді екені рас әрі үстаним жоққа шықпайды. Солай бола тұрса да, синтаксистік валенттілікте алдымен синтаксистік занылықтар ескерілетінін айтуымыз қажет. Яғни, грамматикалық формалар синтаксистік валенттіліктеге ерекше орын алады. Форма туралы толыққанды пікір айту үшін ең алдымен оның ішкі мазмұнын, беретін мағынасын айқындаپ, форма мен мағынаны ажырамас бірлікте, тұтас алып зерттеу керек. Морфеманың сипаты туралы А. Б. Салқынбайдың мына ойын айта кеткен жөн: “Грамматикалық морфеманың сөзден ерекшелігі – оның толық лексикалық мағынасы жок. Морфеманың мағынасы, әдетте, сөзбен тіркесу нәтижесінде

ашылып, айқындалады. Жеке тұрып өзіндік өзгеше мағына бере алатын форма болмайды” [7, 14]. Форманың ішкі мазмұны, ішкі құрылымында ұғым болады, ал ол үәждеме (мотивация) процесін қалыптастырады. Бұл туралы айттылған Б. Қасымның өз сөзімен берсек: “Ішкі құрылым – тіл құбылыстарының (тіркес, туынды сөздер) тілдің тұтастай жүйелілігін көрсететін және ойды берудің жиынтық көрінісі. Мағыналық құрылым тілдің дара ерекшелігін көрсететін белгі болып саналады. Ішкі құрылым – алғашқы бейне, онда ұғымның негізі жатады. Ішкі құрылым ойға бағыт береді, өзек мағынаның әрі қарай дамуына мүмкіндік береді. Атаудың ішкі құрылымында ұғымның ізі жатады. Сөздің ішкі мағыналық құрылымы үәждеме процесін қалыптастырады” [8, 28]. Демек, сөздердің арасында синтаксистік құрылым түзуге ықпал ететін синтаксистік байланыс болған жағдайда ғана валенттілік жүзеге асады. Предикативтік құрылым синтаксистік құрылымдардың ішіндегі негізгі болып табылады. Предикативтік құрылымда предикат қызметіндегі сөздердің валенттілік мәні есепке алынады. Тіл білімінде бұл етістікті валенттілік Л. Тенъер есімімен байланысты. Етістік валенттілігін толықтыратын сөздер актанттар деп аталауды. Дәстүрлі синтаксисте актанттарға толықтауыш пен бастауыш сәйкес келеді. Ал пысықтауышқа сәйкес келетін сирконстанттар валенттілік түзуде маңызды болып саналмайды, яғни, олардың сөйлемнен түсіріліп айтылуы сөйлем семантикасына нұқсан келтірмейді.

Синтаксистік құрылымның негізгі бірліктері екі түрлі бірлік түрінде айтылып жүр: синтаксистік элементтер мен синтаксемалар. Синтаксистік элементтер өздігінен синтаксистік қатынаска түс алады. Синтаксемалар дәл сондай екі немесе бірнеше синтаксистік элементтерден тұрады да, алдыңғысы бағыныңқы, соңғысы басыңқы болады. Олай болса, сөйлем дегеннің өзі предикативтік құрылымға негізделетінін ескеріп, предикаттың функциясын алдыңғысы бағыныңқы, соңғысы басыңқы элемент түрінде келетін синтаксемалар аткарады деген токтамға келеміз.

Зерттеу жұмысымыздың бағдары шартты рай формасымен жұмсалған сөйлемдер бола тұра, бұндай сөйлемдердің семантикасын колданыска сай, барынша кен түргыда айқындау мақсатымен колданыстағы шартты рай формасын ауыстырып жұмсалған тілдік фактілерді талдаймыз. Одан кейін бастапқы предикатты синтаксистік валент-

тілік, яғни, сөздердің тіркесімділігі түрінде өзгертіп, түрлендіріп көреміз. Мысалы: - *Ағайынтуган деп қайтесің, бұларға алаңданап. Ол сен алыста жүргенде – бұлардың бауырлары езіліп, емексіп тұратыны, ал ертең осылардың ортасына келші...* (С. Мұратбеков). Өз тараپымыздан өзгерту енгізсек, соңғы сөйлемнің нұсқасы былай болар еді: 1. *Ол сен алыста жүргенде – бұлардың бауырлары езіліп, емексіп тұратыны, ал ертең осылардың ортасына келдің бар гой, қадырың қашар еді.* 2. *Ол сен алыста жүргенде – бұлардың бауырлары езіліп, емексіп тұратыны, ал сен осылардың ортасына келдің бе, қадырың қашады.* Алғашқы *келші* сөзінің орнына жұмсалған *келдің бар гой, келдің бе* сөздерінің тіркесімінің нәтижесінде өзек мағына әрі қарай дамыды. Сөйлемнің синтагмалық өрісінің кенеюінің уәжі – бұл предикативтік қызметте жұмсалған *келші* сөзінің экспрессивтік-эмоционалдық мән туғызу мақсаты.

Еши комиссияның да, жюридің де багасы маган енді керек емес! Қадіржан қадірлеп, бағалады – болды! Әттің, сылқым Базарайым көзінің қызығын болса да бір тастамайды-ау біз жаққа (Ш. Кұмараева). *Бағалады – болды* дегенмен сөйлеушінің Қадіржанның пікіріне бағынуы, оны өзіне мактандыш тұтуы сезіледі. 1. *Қадіржсан қадірлеп, бағалады ма – болды!* (сөйлеуші тындаушысын сендіргісі келеді). 2. *Қадіржсан қадірлеп, бағалады екен – болды!* (сөйлеушінің шешімі).

Сонымен, жоғарыдағы талдаулардан белгілі болған жай мынау: Шартты рай формасының қатысуымен жасалатын сөйлемдер жұмсалымда барлық уақытта дәл сол шарты рай формасымен келе бермейді, тілді жұмсауда оны ауыстыратын тілдік амал-тәсілдер өте көп. Алайда мағынасы біреу ғана: шарт мән. Жоғарыда талданған сөйлемдерді түрлендіру барысында шарт мәнді білдіруш предикат мынандай сипатта өзгеріске ұшырады: *келші – келдің бар гой – келдің бе; бағалады – болды – бағалады ма – болды – бағалады екен – болды.* Байқап отырғанымыздай, сөйлемдердің көркем әдебиеттен терілген бастапқы нұсқасының өзінде *-са, -се* шарт формасы берілмеген. Оның себебі шартты рай формасының уәжділік сипаттымен байланысты. Уәжділікті, біріншіден, сөйлемдердің диалогтік сипаттымен, екіншіден, сөйлеуші сөзінің экспрессивтікіті көздел жұмсалуымен байланысты түсіндіруге болады. Себебі сөздің

уәжділігі – күрделі ойлаудың нәтижесі, ол тіл арқылы ақиқат шындықты бейнелеуде оның психикалық жақтарын да ескереді. Демек, субъекттің танымы түрғысынан уәжделетіндіктен, сөйлеуде уәжділік сипат бірінші орындалып, одан кейін тілдік уәж – сөздердің валенттілігі – жүзеге асады. Сөз мағынасының уәжділігі сөйлеуде маңызды орынға шығады деуіміздің себебі осындей. Уәждемелік – екі жақты құбылыш, ол ішкі мағыналық құрылыммен және сыртқы дыбыстық жамылғышпен байланысты. Осылайша сөйлеудегі уәжділік жүзеге асады, колданыс уәжділікке төуелді. Талданған сөйлемдер соның нәтижесі.

Сейтіп, біз сөйлемнің құрылышындағы сөйлеуге тән валенттілік заңымен байланысты өзіндік уәждін болатынына көз жеткіздік. Уәжділік ұғымда жүзеге асып, ұғым пайымдауға үласса, пайымдау сөйлем арқылы жарыққа шығады. Сөз – ұғымның материалы қабығы болса, сөйлем – пікірдің материалы қабығы. Бұл айтылғандар тіл мен ойлаудың өзара байланысына алып келеді.

ӘДЕБИЕТ

1. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. Алматы: Санат, 1996. 240 б.
2. Панфилов В.З. Взаимоотношение языка и мышления. М.: Наука, 1971.
3. Сагындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. Алматы, 1994. 168 б.
4. Салқынбай А.Б. Тарихи сөзжасам (семантикалық аспект): Филол. ғыл. докт. дисс. Алматы, 1999.
5. Котелова Н.З. Значение слова и его сочетаемость. Л., 1975.
6. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. Алматы: Рауан, 1991. 205 б.
7. Салқынбай А.Б. Қазіргі қазақ тіліндегі -у тұлғалы кимыл есімінің семантикасы мен функциясы: Филол. ғыл. канд. дис. Алматы, 1991.
8. Қасым Б. Қазақ тіліндегі заттың күрделі атауларының теориялық негіздері: Филол. ғыл. докт. дисс. автореф. Алматы, 2004. 50 б.

Резюме

По высказываниям некоторых языковедов и логиков язык не ограничивается обозначением только мысли, он также способен выражать чувства и эмоции. Данная статья посвящается тому, что эти психические процессы нуждаются в необходимости мышления и понятия.